



РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

2004 жылы «Батыр Аксес Көмір» ЖШС-і 2003 жылмен салыстырғанда энергетикалық және коммуналдық-тұрмыстық көмір сату көлемін 8,7%-ға ұлғайтты.

2004 жылы «БАК» ЖШС-нен тұтынушыларға көмір жөнелту көлемі 35,8 млн. тонна болды. Бұл 2003 жылғы деңгеймен салыстырғанда 8,7 %-ға артық. Сондықтан ағалыш көрсеткіш компанияның өзі Екібастұз көмір ошағында қызмет ете бастаған кезең ішіндегі қол жеткізген рекордтық көрсеткіш болып табылады. Бұл рекорд «БАК» ЖШС-нің 2000 жылы қол жеткізген ең жоғары көрсеткішінен 500 мың тоннаға артық. Ол жылы Қазақстан мен Ресейдің электр станцияларына 35,2 млн. тонна көмір жөнелтілген болатын.

Өндірілген көмірдің жартысынан астамын, яғни 18,7 млн. тоннасын 2004 жылы Қазақстанның 10 энергетикалық кәсіпорны тұтынды. 2003 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда осу деңгейі 29,2

% болды. 2 млн. 200 тонна отын Екібастұздың 1-МАЭС-інің үлесіне тиді. Алматы жылу-электр орталығы өткен жылы 1 млн. 40 мың тоннаға жуық көмір тұтынды. Сондай-ақ орта есеппен 158 мыңнан 429 мың тоннаға дейін тұтыну көлемін ұлғайтқан Екібастұздың 2-МАЭС-ін, Қарағандының №3 жылу-электр орталығын, Петропавлдың №2 жылу орталығын атап өтуге болады.

2004 жылы республиканың коммуналдық-тұрмыстық және бюджеттік ұйымдары да көмір тұтыну көлемін ұлғайтты. Оларға 2 млн. 283,8 мың тонна отын жөнелтілді. Бұл 2003 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 200 мың тонна артық.

2004 жылы «БАК» ЖШС-і бірқатар инвестициялық жобаларды іске асырды. Соның нәтижесінде компанияның көмір өндіру мен оны тасымалдау жөніндегі техникалық мүмкіндіктері кеңейді. Ең ірі жобалардың бірі «Батыр» кенішінде конвейерлік теміржол кешенін қайта құрылау бол-

ды. Сондай-ақ бұл кеніште теміржол көлігін дизельдік-электрлік тартқыштан электрлік тартқышқа ауыстыру жүзеге асырылды. Бұл жоба бойынша 47 ОПЭ-1 дизельдік электровоздарға ауыстырылды. Тау-кен жұмыстарын қайта конструкциядан өткізу бойынша «Батыр» кенішінің Солтүстік кешенінде де жұмыстар одан әрі жалғасын тапты. Мұнда №2 және №3 учаскелерді уақытша консервацияға қою есебінен тау-кен жұмыстарын екі еседен астамға қысқарту көзделіп отыр. Тау-кен жұмыстары №1 және №4 учаскелерге шоғырландырылмақшы. Өйткені мұнда кен қыртысының коэффициенті едәуір төмен. Қайта конструкциялау кен аршу кешенінде теміржол көлігінің схемасын қайта құруды көздейді және көмір шығарудың автомобильдік-теміржолдық технологиясын гидравликалық экскаваторларды пайдалана отырып қолдануды мақсат етеді. 2004 жылы «Liebherr» және «Caterpillar» фирмаларымен гидравликалық экскаваторлар, автосамосвалдар мен қосалқы техникалар алуға шарт жасалды. «Батыр» кенішінде 100 метрлік ендікте дренаждық жүйенің құрылы-

сы басталды. Ол алдағы уақытта кеніш алаңын құрғатуды қамтамасыз ететін болады. 2004 жылы бұрғылау-жарылыс жұмыстарының технологиясын жетілдіруге баса көңіл бөлінді. Аммиактық селитра мен эмульсиялық жарылғыш заттарды қолдану қолға алынып, мұның өзі көмір забойларын жарылысқа әзірлеу сапасын жақсартуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ ауаға улы газдардың аз тарап, забойларда орт қауіпсіздігі деңгейін көтеруге жағдай жасады. Кейбір инвестициялық жобалар 2005 жылы да жалғастырылатын болады. Атап айтқанда, «Батыр» кешенінде дренаж жүйесінің құрылысы, Солтүстік кешенінде тау-кен жұмыстарын қайта конструкциялау жалғасады. Сонымен бірге, тағы да гидравликалық экскаваторлар, ауыр автосамосвалдар мен қосалқы техникалар сатып алынады. 2004 жылы ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға компания 1 млрд. 190 млн. теңгеден астам қаржы жұмсаса, 2005 жылы бұл бағдарламаға 2 млрд. 390 млн. теңгеден астам қаражат бөлінбек.

В. Кулешов

Д. К. Прайстың баспасөз конференциясы

18 қаңтар күні «БАК» ЖШС-нің бас директоры Дэннис Карл Прайс мырза баспасөз конференциясын өткізді. Оған республикалық «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан», облыстық «Сарыарқа самалы», «Звезда Прииртышья», Екібастұз қалалық «Отарқа», «Вести Екибастуза», «Голос Екибастуза», «Екибастузское обозрение» газеттерінің және облыстық, қалалық телерадио компанияларының журналистері қатысты.

Конференцияда Д. К. Прайс мырза «БАК» ЖШС-нің 2004 жылғы қол жеткен жетістіктерін әңгімелеп, 2005 жылғы жоспарларын ортаға салды. Сонымен бірге, ол журналистердің көптеген сұрақтарына тұщымды жауап берді.

Өз тілшімізден